**KAYOFOL**
**INSTRUCTION KAZ**

# КАЙОФОЛ

**ТАҒАМҒА ҚОСЫЛАТЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА**
**ДӘРІЛІК ЗАТ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ**

## 1 КАПСУЛА ҚҰРАМЫ:

Крахмал (толтырғыш) – 290,4 мг, кальций фосфаты (толтырғыш) – 100 мг, теріден жасалған сиыр желатині (капсула) – 89,1 мг, кальций карбонаты (капсула) – 9,9 мг, май қышқылдарының магний тұздары (антислеживающий агент) – 5 мг, кремний диоксиді (антислеживающий агент) – 5 мг, фолий қышқылы – 400 мкг, калий йодиді – 196 мкг

| ИНГРЕДИЕНТТЕРДІҢ АТАУЫ | 1 КАПСУЛА ҚҰРАМЫ | % ТТҰ*/ ТБД** |
|---|---|---|
| **Фолий қышқылы** | 400 мкг | 100** |
| **Йод** | 150 мкг | 100** |

Ескертпе:
* – КО ТР 022/2011 сәйкес (№2 қосымша).
** – БСГТ-ның жоғарғы рұқсат етілген деңгейінен аспайды (№5 қосымша)

## 100 г ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Ақуыздар – 0 г, майлар – 0 г, көмірсулар – 73,44 г, энергетикалық құндылығы (құнарлылығы) – 307,5 ккал

## ҚОЛДАНЫЛУЫ:

Жүктілік және лактация кезінде
18 жастан асқан әйелдерге фолий қышқылы мен йодтың қосымша көзі ретінде, сондай-ақ жүктілікке дайындық кезінде ұсынылады.

## КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

- Йод пен фолий қышқылына деген қажеттілік болған жағдайда;
- Жүктілікті жоспарлау және оның алғашқы айларында;
- Әйел ағзасын ұрықтануға дайындау кезінде;
- Босанғаннан кейінгі және бала емізу кезеңінде витаминдер мен минералдардың тепе-теңдігін сақтау үшін;
- Тамақтануы жеткіліксіз, йод пен фолаттар аз мөлшерде қабылданатын жағдайда;
- Ақыл-ой немесе дене жүктемесі жоғары, созылмалы шаршау кезінде;
- Диета ұстанғанда, вегетариандық немесе шектелген тамақтану кезінде.

## ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

- Қалқанша бездің қалыпты қызметін және қалқанша без гормондарының түзілуін қолдау үшін;
- Репродуктивті денсаулық пен гормондық тепе-теңдікті сақтау үшін;
- Ұрықтың жүйке жүйесінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін (жүктіліктің ерте кезеңінде);
- Қан түзілу және энергия алмасу үдерістерін оңтайландыру үшін;
- Назар шоғырландыруды және күйзеліске төзімділікті арттыру үшін;
- Иммундық жүйені және ағзаның жалпы өміршеңдігін қолдау үшін.

ДӘРІЛІК ЗАТ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ

## ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

Ересектерге күн сайын тамақтану кезінде, таңертең бір рет 1 капсуладан ішіңіз.

## ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ:

Өнім компоненттеріне жеке төзбеушілік.
Қолданар алдында дәрігермен кеңесу ұсынылады.

## САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Құрғақ салқын жерде 25 °C жоғары емес температурада сақтаңыз

**ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ:** 3 ЖЫЛ

**Йод (калий йодиді)** - ағзадағы зат алмасу кезінде барлық жүйелердің қызметін реттеуде қалқанша безі гармондарының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын өмірлік маңызды микроэлемент: ағзадағы ақуыздар, майлар, көмірсулар мен энергия алмасуына жауап береді, мидың, жүйке және жүрек-тамыр жүйелерінің, жыныстық және сүт бездерінің қызметін реттейді. Йод тапшылығы кезінде шаршау, ашуланшақтық, көңіл-күйдің өзгеруі, зейіннің, есте сақтаудың және өнімділіктің төмендеуі байқалады.
**Фолий қышқылы ($B_9$ дәрумені)** қанның барлық формалы элементтерінің түзілуіне қатысады. Ақуыздар алмасуында, организмде кейбір аминқышқылдарының түзілуінде маңызды рөл атқарады, иммундық жүйенің жұмысын жақсартады.

**ӨНДІРУШІ:** Gricar Chemical S.r.l., Бругерио (МБ), Виа Сан Джузеппе № 18/20, Италия
**ТАПСЫРЫС БОЙЫНША:** «EuroVit (ЕвроВит)» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Бостандық а., Аль-Фараби д-лы, 95 үй, 41 кеңсе, e-mail: eurovit.office@mail.ru
**ИМПОРТТАУШЫ/ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША ӨКІЛЕТТІ ҰЙЫМ:**
«EuroVit (ЕвроВит)» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Бостандық а., Аль-Фараби д-лы, 95 үй, 41 кеңсе, тел.: +7 771 616 49 99, e-mail: eurovit.office@mail.ru

EUROVIT

МТК KZ.16.01.98.003.R.000620.07.25, 01.07.2025